## "Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 2091 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 401 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 512 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2017 № 512 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 2091 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2-тармақта "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің" деген сөздер "Экономикалық даму және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы № 401 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 2091 қаулысына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Қазыханов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер

Ержан Хозеұлы министрі, төраға
Омаров - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Қайрат Ермекұлы министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары
Рысқұлов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Жандос Алмасұлы министрлігі Көп жақты ынтымақтастық департаментінің кеңесшісі, хатшы
Баймолдина - Қазақстан Республикасының Әділет
Зәуреш Хамитқызы вице-министрі
Дәленов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Руслан Ерболатұлы вице-министрі
Жақсылықов - Қазақстан Республикасының Экономикалық
Тимур Мекешұлы даму және сауда вице-министрі
Мұқашев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Жанат Базикенұлы Кеңсесі Сыртқы байланыстар және протокол бөлімінің сектор меңгерушісі
Аманжолова - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Зүлфия Алтайқызы министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі – Халықаралық құқық департаментінің директоры
Сарыева - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Жұмагүл Қансейітқызы министрлігі Валюта-қаржы департаментінің директоры
Садықов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Барлыбай Кәрімұлы министрлігі Көп жақты ынтымақтастық департаментінің директоры
Әзімова - Қазақстан Республикасы Әділет
Эльвира Әбілқасымқызы министрлігі Халықаралық шарттар сараптамасы департаментінің директоры
Досполов - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Сергей Долдаұлы Халықаралық ынтымақтастық департаментінің бастығы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК